



201__жылғы _____

Астана, Үкімет Үйі

от «__» _____ 201__года

№ _____

№ _____

04.12.2017-ғы № 20-27/2997 шығыс хаты

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына
(тізім бойынша)**

2017 жылғы 3 қарашадағы № ДС-265

Құрметті депутаттар!

Сіздердің кадрларды алмастыру және үй-жаймен қамтамасыз ету, сондай-ақ жастарды жұмысқа орналастыру ету мәселесі бойынша депутаттық сауалдарыңызға мынаны хабарлаймын.

Кадрларды алмастыру және үй-жаймен қамтамасыз ету мәселесі бойынша
«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңның 41-бабына сәйкес мемлекеттік қызметті өткеру кезінде кәсіби әлеуеттің неғұрлым тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету мақсатында бүгінгі күнге республика бойынша 37 мемлекеттік қызметші алмастырылды, оның ішінде «А» корпусының қызметшілері – 20 (2016 жылы – 42) және «Б» корпусының қызметшілері – 17 (2016 жылы – 5), 29 мемлекеттік қызметшілер «өңір – өңір», 4-і «өңір – орталық» және 4-і «орталық – орталық» схемасы бойынша алмастырылды.

Алмастыру «А» корпусының әкімшілік мемлекеттік қызметшілеріне және «Б» корпусының С-1, С-О-1, Д-О-1 санатының әкімшілік мемлекеттік қызметшілеріне қолданылады. Басқа жерге алмастыру кезінде мемлекеттік әкімшілік қызметшілер қызметтік тұрғын үймен қамтамасыз етіледі.

«Нұрлы Жер» тұрғын үй құрылысы мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде 1500-ден астам мемлекеттік қызметші еліміздің түрлі өңірлерінде жалдамалы тұрғын үй алды.

Осы бағыттағы жұмыс жалғастырылуда.

Жастардың жұмыспен қамтылуы бойынша

2017 жылы мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде 5634 адам оқуын аяқтаса, оның ішінде 822-і медициналық және 4812-і педагогикалық мамандықтар бойынша оқуын аяқтады. Мемлекеттік білім беру және денсаулық сақтау ұйымдарында жұмыс істеуге 4172 адам жіберілді, 239 адам жұмыссыз ретінде тіркелді, өз бетінше жұмысқа орналасу құқығы 1223 түлектерге берілді («Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 47-бабына сәйкес).

Ағымдағы жылы ауылдық квота шеңберінде 2811 адам, оның ішінде 1191-і медициналық, 1475-і педагогикалық және 145-і ветеринарлық мамандықтар бойынша оқуын аяқтады, ауылдық жерлерге жұмыс істеуге 1796 адам жіберілді.

«Қаржы орталығы» АҚ ай сайын жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, бітірушілердің жұмысқа орналасуына мониторинг жүргізуде.

Бұдан басқа уәкілетті орган 2015 жылдан бастап түлектердің жұмысқа орналасуына Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен ақпарат алмасу арқылы мониторинг жүргізеді. 2018 жылы Білім және ғылым министрлігінің және «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының ақпараттық базаларын интеграциялау жоспарлануда.

Жастарды техникалық және кәсіптік біліммен, сондай-ақ мүмкіндігінше жоғары біліммен қамтамасыз ету және өңірлер арасындағы жұмыс күшінің үйлесімсіздігі проблемасын шешу мақсатында 2013 жылдан бастап «Мәңгілік ел жастары – индустрияға» жобасы (бұдан әрі – Жоба) іске асырылуда. Жыл сайын осы жобаға қатысушы жастар үшін басым мамандықтар бойынша білім гранттары бөлінеді. Бүгінгі күні жоба шеңберінде колледждер мен жоғары оқу орындарында 14969 адам білім алады. Колледжді бітірген 1792 адамның ішінен, 763-і жұмысқа орналастырылды, ал қалғандары жоғары оқу орындарында білім алуды жалғастырды.

Жоба шеңберінде 2018 жылы жоғары білімі бар мамандардың алғашқы түлектері күтілуде. Қазіргі уақытта жоғары оқу орындары жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, оларды оқыту өңірлері бойынша бөлу және бекіту жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі жоба түлектерінің жұмысқа орналасуын қамтамасыз ету туралы мәселені Өнімді жұмыспен қамту мен жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) шеңберінде қарауды жоспарлап отыр.

Жалпы еңбек тапшылығы бар өңірлерді жұмыс күшімен қамтамасыз ету, өңірлердегі диспропорция және демографиялық теңгерімсіздікті жою мақсатында Бағдарлама ерікті түрде қоныс аударуға жәрдемдесу есебінен еңбек ресурстарының аумақтық ұтқырлығын ынталандырады.

Бағдарламаға қатысушыларды ерікті түрде қоныстандыру:

- 1) жұмыс күші көп облыстардан жұмыс күші тапшы облыстарға;
- 2) бір облыс шегінде – экономикалық әлеуеті төмен ауылдардан облыстық (аудандық) маңызы бар қалаларда мүмкін болған жағдайда мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй бөлу және тұрақты жұмысқа орналастыру жүзеге асырылады.

Бағдарлама шеңберінде қоныс аударушы азаматтарға көшуге арналған субсидия және тұрғын үйді жалдау (жалға алу) бойынша шығыстарды өтеуге және коммуналдық қызметтерге ақы төлеу түріндегі мемлекеттік қолдау көрсетіледі.